

**Зияткерлік меншікті құқықтық күзету мен қорғау саласындағы ынтымақтастық және Зияткерлік меншікті құқықтық күзету мен қорғау мәселелері жөнінде мемлекетаралық кеңес құру туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 наурыздағы № 282 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2010 жылғы 19 қарашада Санкт-Петербург қаласында жасалған Зияткерлік меншікті құқықтық күзету мен қорғау саласындағы ынтымақтастық және Зияткерлік меншікті құқықтық күзету мен қорғау мәселелері жөнінде мемлекетаралық кеңес құру туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасымен

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

**Зияткерлік меншікті құқықтық күзету мен қорғау саласындағы ынтымақтастық және Зияткерлік меншікті құқықтық күзету мен қорғау мәселелері жөнінде мемлекетаралық кеңес құру туралы келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері,

ғылыми-техникалық, сауда-экономикалық және әлеуметтік-мәдени ынтымақтастықты дамытуға ниет білдіре отырып,

зияткерлік меншікті тиімді құқықтық күзету, қорғау және басқару осындай ынтымақтастықты дамытудың міндетті шарттары болып табылатынын мойындай отырып,

осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің аумақтарында зияткерлік меншікті құқықтық күзету мен қорғау жүйесін дамыту жөнінде келісілген және үйлестірілген шараларды қабылдаудың маңыздылығын түсіне отырып,

зияткерлік меншік объектілерін коммерцияландыруды және өзге де пайдалануды қоса алғанда, зияткерлік меншікті басқару тетіктерін жетілдірудің маңыздылығын ескере отырып,

зияткерлік меншік объектілерін коммерцияландыруды және өзге де пайдалануды қоса алғанда, зияткерлік меншікті басқару тетіктерін жетілдірудің маңыздылығын ескере отырып,

осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің халықаралық міндеттемелерін және заңнамасын басшылыққа ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

Ескерту. Кіріспеге өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 24.05.2017 № 283; 13.11.2017 № 737 қаулыларымен.

## 1-бап

Зияткерлік меншікті күзету мен қорғаудың мемлекетаралық жүйесін, зияткерлік меншікті басқару тетіктерін, зияткерлік меншікті басқару тетіктерін жетілдіру, зияткерлік меншік саласында құқық бұзушылыққа қарсы әрекет ету жөніндегі бірлескен қызметті үйлестіру мақсатында Тараптар:

а) қарым-қатынасты нығайту, бірлескен зерттеулер жүргізу және зияткерлік меншік саласында пікір алмасу;

б) осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің зияткерлік меншік саласындағы заңнамасы туралы ақпарат алмасу;

в) экономика, сауда, ғылым, техника және мәдениет саласында ынтымақтастықты жүзеге асыру кезінде зияткерлік меншікті күзетуге, қорғауға және зияткерлік меншік объектілерін коммерцияландыруды және өзге де пайдалануды қоса алғанда, зияткерлік меншікті басқаруға байланысты мәселелерді келісу, сондай-ақ тиісті халықаралық шарттар жасасуға жәрдемдесу;

г) зияткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтардың алдыналу, анықтау және жолын кесу және осындай құқық бұзушылыққа қарсы әрекет ету жөніндегі бірлескен іс-қимылды жүзеге асыру;

д) зияткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу үшін тиімді шаралар қабылдау;

е) осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерін зияткерлік меншік саласындағы жосықсыз бәсекеден өзара қорғау жолымен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Ескерту. 1-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 24.05.2017 № 283; 13.11.2017 № 737 қаулыларымен.

## 2-бап

Тараптар Зияткерлік меншікті құқықтық күзету мен қорғау мәселелері жөнінде мемлекетаралық кеңес (бұдан әрі - Кеңес) құрады.

Кеңес өз қызметін осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Кеңес туралы ереже негізінде жүзеге асырады.

## 3-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін "зияткерлік меншік" 1967 жылғы 14 шілдедегі (1979 жылғы 2 қазандағы өзгерістерімен) Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымын құратын Конвенцияның 2-бабында көрсетілген мағынада түсініледі.

#### **4-бап**

Тараптар ынтымақтастықты осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің заңнамасы мен халықаралық шарттарын сақтай отырып, өздерінің уәкілетті (құзыретті) органдары арқылы осы Келісімге сәйкес жүзеге асырады.

#### **5-бап**

Тараптар өздерінің уәкілетті (құзыретті) органдарының тізбесін анықтайды және осы Келісімнің күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы хабарламаны тапсыру кезінде депозитарийге бұл туралы хабарлайды. Уәкілетті (құзыретті) органдар тізбесінің өзгеруі туралы Тараптардың әрқайсысы бір айдың ішінде дипломатиялық арналар арқылы депозитарийге жазбаша түрде хабарлайды.

#### **6-бап**

Тараптардың уәкілетті (құзыретті) органдары зияткерлік меншік саласындағы ынтымақтастықты үйлестіру және бірлескен зерттеулерді, құқық бұзушылықтарды болдырмау, анықтау және олардың жолын кесу жөніндегі іс-шараларды өткізу, пікір, ақпарат алмасу арқылы жүзеге асырады.

#### **7-бап**

Осы Келісім Тараптардың әрқайсысының өз мемлекеті қатысушы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

#### **8-бап**

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар тиісті хаттамамен ресімделеді және осы Келісімнің күшіне енуі үшін көзделген тәртіппен күшіне енеді.

#### **9-бап**

Осы Келісімді қолдану және түсіндіру кезінде туындайтын Тараптар арасындағы даулы мәселелер мүдделі Тараптардың консультациялары мен келіссөздері арқылы немесе Тараптар келіскен басқа рәсім арқылы шешіледі.

## 10-бап

Осы Келісім оған қол қойған Тараптардың оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші жазбаша хабарламаны депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Осы Келісім мемлекетішілік рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін депозитарий тиісті құжаттарды алған күнінен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

## 11-бап

Осы Келісім оның мақсаттары мен принциптерін бөлісетін кез келген мемлекеттің қосылу туралы құжаттарды депозитарийге тапсыру жолымен қосылуы үшін ашық.

Қосылушы мемлекет үшін Келісім:

а) Келісім депозитарийге қосылу туралы құжатты тапсыру сәтінде күшіне енген жағдайда, депозитарий қосылу туралы құжат алған күнінен бастап 30 күн өткен соң;

б) Келісім депозитарийге қосылу туралы құжаттарды тапсыру сәтінде күшіне енбеген жағдайда Келісім күшіне енген күннен бастап күшіне енеді.

## 12-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Тараптардың әрқайсысы шығуға дейін кемінде 6 ай қалғанда өзінің осындай ниеті туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып және Келісімнің қолданылу уақытында туындаған міндеттемелерді реттей отырып, осы Келісімнен шығуға құқылы.

## 13-бап

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттер үшін осы Келісім күшіне енген күннен бастап 1993 жылғы 12 наурыздағы Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі шаралар және Өнеркәсіптік меншікті қорғау мәселелері жөніндегі мемлекетаралық кеңесті құру туралы келісім және 1998 жылғы 6 наурыздағы Зияткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтың жолын кесу жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім өзінің қолданылуын тоқтатады.

Санкт-Петербург қаласында 2010 жылғы 19 қарашада орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның расталған көшірмесін жібереді.

Әзірбайжан Республикасының

Үкіметі үшін

Армения Республикасының

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының

Үкіметі үшін  
Беларусь Республикасының  
Үкіметі үшін  
Қырғыз Республикасының  
Үкіметі үшін  
Түркіменстан  
Үкіметі үшін

Үкіметі үшін  
Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін  
Молдова Республикасының  
Үкіметі үшін  
Өзбекстан Республикасының  
Үкіметі үшін  
Украина  
Үкіметі үшін

2010 жылғы 19 қарашадағы  
Зияткерлік меншікті құқықтық  
күзету мен қорғау саласындағы  
ынтымақтастық және Зияткерлік  
меншікті құқықтық күзету мен қорғау  
мәселелері жөнінде мемлекетаралық  
кеңес құру туралы келісімге  
қосымша

## **Зияткерлік меншікті құқықтық күзету мен қорғау мәселелері жөнінде мемлекетаралық кеңес туралы ереже**

### **I. Жалпы ережелер**

1.1. Зияткерлік меншікті құқықтық күзету мен қорғау мәселелері жөніндегі мемлекетаралық кеңес (бұдан әрі - Кеңес) 2010 жылғы 19 қарашадағы Зияткерлік меншікті құқықтық күзету мен қорғау саласындағы ынтымақтастық және зияткерлік меншікті құқықтық күзету мен қорғау мәселелері жөнінде мемлекетаралық кеңес құру туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) сәйкес Келісімге қатысушы мемлекеттердің зияткерлік меншікті күзету мен қорғаудың мемлекетаралық жүйесін жетілдіру, зияткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы әрекет ету, зияткерлік меншік объектілерін коммерцияландыруды және өзге де пайдалануды қоса алғанда, зияткерлік меншікті басқару тетіктерін жетілдіру үшін жағдай жасау, зияткерлік меншік объектілерін коммерцияландыруды және өзге де пайдалануды қоса алғанда, зияткерлік меншікті басқару тетіктерін жетілдіру үшін жағдай жасау жөніндегі бірлескен қызметін үйлестіру мақсатында құрылады.

Кеңес өз қызметін ТМД Атқарушы комитетімен, сондай-ақ Достастықтың басқа да органдарымен өзара тығыз іс-әрекет етіумен жүзеге асырады.

**Ескерту. 1-1-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 24.05.2017 № 283;  
13.11.2017 № 737 қаулыларымен.**

1.2. Кеңес өз қызметін өзінің өкілеттері шегінде жүзеге асыратын және ТМД Үкімет басшылары кеңесі мен Экономикалық кеңесіне есеп беретін ТМД саланың ынтымақтастық органы болып табылады.

1.3. Кеңес өз қызметінде ТМД Жарғысын, Достастық шеңберінде қабылданған шарттар мен шешімдерді, ТМД саланың ынтымақтастық органдары туралы жалпы ережені, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

## II. Кеңестің функциялары

Кеңес мынадай функцияларды орындайды:

2.1. Келісімге қатысушы мемлекеттердің зияткерлік меншікті құқықтық күзету мен қорғау тетіктерін құру, дамыту және жетілдіру, зияткерлік меншік объектілерін коммерцияландыруды және өзге де пайдалануды қоса алғанда, зияткерлік меншікті басқару зияткерлік меншік объектілерін коммерцияландыруды және өзге де пайдалануды қоса алғанда, зияткерлік меншікті басқару ғылыми-техникалық, сауда-экономикалық және әлеуметтік-мәдени ынтымақтастықты дамыту, зияткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу жөніндегі бірлескен іс-қимылды жүзеге асыру жөніндегі бірлескен қызметін үйлестіру.

Ескерту. 2-1-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 24.05.2017 № 283; 13.11.2017 № 737 қаулыларымен.

2.2. Зияткерлік меншік саласында заңнамалық, нормативтік, әдістемелік және басқа да ақпаратпен алмасуға жәрдемдесу.

Ескерту. 2-2-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 24.05.2017 № 283; 13.11.2017 № 737 қаулыларымен.

2.3. Жүйе құру жөнінде ұсынымдар әзірлеу:

зияткерлік меншікті құқықтық күзету, қорғау және басқару тиімділігін арттыру;

зияткерлік меншік саласында жосықсыз бәсекеге қарсы әрекет ету;

контрафактілі өнімді шығаруға және таратуға қарсы әрекет ету;

өнеркәсіптік меншік, авторлық құқық және сабақтас құқық объектілерін қорғау тетіктерін жетілдіру.

Ескерту. 2-3-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 24.05.2017 № 283; 13.11.2017 № 737 қаулыларымен.

2.4. ТМД Үкіметі басшыларының кеңесі мен ТМД салалық ынтымақтастық органдарының отырыстарында қарау үшін зияткерлік меншікті құқықтық күзету, қорғау және басқару мәселелері бойынша ынтымақтастықты дамыту жөнінде ұсыныстар дайындау.

Ескерту. 2-4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 13.11.2017 № 737 қаулысымен.

2.5. Зияткерлік меншік саласында Келісімге қатысушы мемлекеттердің ынтымақтастығы жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

Ескерту. 2-5-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 24.05.2017 № 283; 13.11.2017 № 737 қаулыларымен.

2.6. Зияткерлік меншік саласында мамандарды ұйымдық және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

### III. Кеңестің құқықтары

Кеңес өз функцияларын орындау үшін:

3.1. ТМД Үкімет басшылары кеңесінің және Экономикалық кеңесінің қарауына құжаттардың жобаларын, сондай-ақ Кеңес құзыретіне кіретін мәселелер жөнінде шешімдердің орындалуы туралы ақпаратты белгіленген тәртіппен енгізуге.

3.2. Кеңеске қатысушы мемлекеттерден және ТМД салалық ынтымақтастық органдарынан белгіленген тәртіппен өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ақпарат алуға.

3.3. Мына:

а) авторлық және сабақтас құқық;

б) өнеркәсіптік меншік;

в) зияткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы әрекет ету мәселелері жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін жұмыс комиссияларын,

Мыналар:

зияткерлік меншікті құқықтық күзету, қорғау және зияткерлік меншік объектілерін коммерцияландыруды және өзге де пайдалануды қоса алғанда, зияткерлік меншікті басқару тетіктерін іске асыру үшін қажетті халықаралық шарттар мен басқа да құжаттардың жобаларын әзірлеу, зияткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтарға және контрафактілі өнімдерді таратуға қарсы әрекет етудің тиімді тәсілдерін әзірлеу;

зияткерлік меншікті құқықтық күзету мен қорғау саласында патенттік, нормативтік-әдістемелік құжаттамамен және басқа да ақпаратпен алмасу мәселелерін қарау;

зияткерлік меншікті құқықтық күзету мен қорғау жүйесін, зияткерлік меншік объектілерін коммерцияландыруды және өзге де пайдалануды қоса алғанда, зияткерлік меншікті басқару тетіктерін, зияткерлік меншік объектілерін коммерцияландыруды және өзге де пайдалануды қоса алғанда, зияткерлік меншікті басқару тетіктерін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін тұрақты жұмыс істейтін, сонымен қатар сарапшылардың уақытша мемлекетаралық жұмыс топтарын құруға.

**Ескерту. 3-3-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 24.05.2017 № 283; 13.11.2017 № 737 қаулыларымен.**

3.4. Кеңес жанында құрылған тұрақты жұмыс істейтін жұмыс комиссияларының, сондай-ақ сарапшылардың мемлекетаралық тұрақты, сонымен қатар уақытша жұмыс топтарының қызметтерін бақылауды жүзеге асыруға және олардың қалыпты жұмыс істеулерін қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдауға.

3.5. Кеңес төрағасының есептер тыңдауға және Келісімге қатысушы мемлекеттер үшін тиісті ұсыныстар даярлауға.

3.6. Өз жұмысының Регламентін әзірлеуге және бекітуге, сондай-ақ оларға өзгерістер енгізуге құқылы.

#### **IV. Кеңесті құру тәртібі**

4.1. Кеңес Келісімге қатысушы мемлекеттердің зияткерлік меншікті күзету мен қорғау, сондай-ақ зияткерлік меншік объектілерін коммерцияландыру және өзге де пайдалану, сондай-ақ зияткерлік меншік объектілерін коммерцияландыру және өзге де пайдалану мәселелеріне жауапты мемлекеттік билік органдары басшыларынан құрылады.

Кеңестің отырыстарына Кеңес мүшелерін алмастыратын адамдарды жіберген кезде, олардың өкілеттіктері расталуы тиіс.

Кеңес құрамына кеңесші дауыс құқымен Кеңес хатшылығының басшысы және ТМД Атқарушы комитетінің өкілдері кіруі мүмкін.

**Ескерту. 4-1-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 24.05.2017 № 283; 13.11.2017 № 737 қаулыларымен.**

4.2. Кеңеске ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің атаулары орыс әліпбиі негізінде сайланатын Келісімге қатысушы әрбір мемлекет кезекпен, егер Кеңестің шешімімен өзгеше белгіленбесе, бір жылдан аспайтын мерзімге төрағалық етеді.

Кеңестің алдыңғы және келесі төрағалары оның тең төрағалары болып табылады.

Кеңес Төрағасы уақытша болмаған жағдайда, оның міндеттері тең төрағалардың біріне жүктеледі.

#### **V. Жұмыстың ұйымдастырылуы**

5.1. Кеңестің отырыстары жылына кемінде бір рет өткізіледі. Қажеттілігіне қарай, кезектен тыс отырыстар өткізілуі мүмкін.

Кеңестің кезектен тыс отырысы Төрағаның бастамасымен немесе Кеңестің кем дегенде үш мүшесінің ұсынысы бойынша өткізіледі.

5.2. Егер Кеңес мүшелерінің кемінде үштен екі бөлігі отырысқа қатысқан болса, Кеңестің шешімдері заңды болып табылады.

5.3. Отырыстар өтетін орын Кеңес мүшелерінің алдын ала уағдаластығы бойынша анықталады.

5.4. Кеңес ТМД Атқарушы комитетіне жыл сайын өзінің қызметі туралы ақпарат береді.

5.5. Кеңестің шешімі бойынша оның отырыстарына бақылаушы ретінде ТМД-ға қатысушы болып табылмайтын мемлекеттердің мүдделі ведомстволарының және ұйымдардың, оның ішінде халықаралық ұйымдардың өкілдері қатыса алады.



5.6. Кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатқа ие.

Кеңестің шешімдері, егер Кеңес өзгеше белгілемесе, отырысқа қатысушы мүшелердің жалпы санының жай көпшілігімен қабылданады.

Шешім қабылдау кезінде әр мемлекет бір дауысқа ие.

Кеңестің кез келген мүшесі қандай да бір мәселе бойынша мәселеде өзінің мүдделі еместігі туралы айта алады, бұл шешім қабылдау үшін кедергі ретінде қаралмауы тиіс.

Шешіммен келіспейтін Кеңес мүшелері өздерінің ерекше пікірлерін білдіре алады, ол отырыс хаттамасына енгізіледі.

5.7. Кеңестің шешімдеріне Төраға және Кеңестің жауапты хатшысы қол қояды.

5.8. Кеңестің отырыстары Кеңес бекіткен Регламентке сәйкес өткізіледі.

5.9. Кеңестің кезекті отырысына материалдар оның мүшелеріне өтетін күніне дейін кемінде 30 күн бұрын таратылады.

5.10. Кеңестің қызметін ұйымдастыру-техникалық және ақпараттық қамтамасыз етуді Кеңес хатшысы жүргізеді.

5.11. Кеңес хатшылығының функцияларының Келісімге қатысушы мемлекеттің тиісті мемлекеттік билік органы, оның өкілі ТМД Атқарушы комитетінің құрылымдық бөлімшесімен бірлесіп Кеңеске төрағалық етеді.

Кеңеске төрағалық етуші Келісімге қатысушы мемлекеттің мемлекеттік билік органының өкілі - Кеңес хатшылығының басшысы, ал ТМД Атқарушы комитетінің өкілі хатшылық басшысының орынбасары болып табылады.

5.12. Келісімге қатысушы қандай да бір мемлекеттің мүдделерін тікелей қозғайтын Кеңес шешімдері оның өкілі болмаған жағдайда қабылданбайды.

5.13. Кеңес бірінші отырысында Төрағаны сайлайды.

5.14. Төраға Кеңес жұмысын ұйымдастырады, отырысқа басшылық етеді, Регламенттің сақталуын қамтамасыз етеді.

## **VI. Қорытынды ережелер**

6.1. Кеңес отырыстарын Келісімге байланысты шығыстарды Келісімге қатысушы қабылдаушы мемлекеттің тиісті мемлекеттік билік органдары көтереді.

Кеңес мүшелерін және отырысқа қатысушыларды іссапарға жіберуге арналған шығыстарды іссапарға жіберуші Келісімге қатысушы мемлекеттің мемлекеттік билік органдары мен ұйымдары көтереді.

6.2. Кеңестің жұмыс тілі орыс тілі болып табылады.

6.3. Кеңесті тарату туралы шешімді Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Үкіметтер басшыларының кеңесі қабылдайды.

2010 жылғы 19 қарашада Зияткерлік меншікті құқықтық күзету мен қорғау саласындағы ынтымақтастық және Зияткерлік меншікті құқықтық күзету мен қорғау

мәселелері жөнінде мемлекетаралық кеңес құру туралы келісімнің мемлекеттік тіліндегі дәлме-дәл көшірмесінің куәландырылған көшірмесі екенін растаймын.

*Қазақстан Республикасы*

*Әділет министрлігі*

*Зияткерлік меншік құқығы комитетінің*

*төрайымы Л. Стамбекова*

2010 жылы 19 қарашада Санкт-Петербург қаласында ТМД Үкімет басшылары Кеңесінің отырысында қабылданған Зияткерлік меншікті құқықтық күзету мен қорғау саласындағы ынтымақтастық және Зияткерлік меншікті құқықтық күзету мен қорғау мәселелері жөнінде мемлекетаралық кеңес құру туралы Келісімнің куәландырылған көшірмесінің куәландырылған көшірмесі екенін растаймын.

*Қазақстан Республикасы*

*Сыртқы істер министрлігінің*

*Халықаралық құқық департаментінің*

*Басқарма бастығы Б.Пискорский*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК